



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Бағдад-Басра теміржолы ағылшындықтармен салынды. Күрес жолында Германия сахнадан кетіп, Англия бұл жолдың оңтүстік аумағын британ ұлылығының қаруына айналдырды десек болады.

Қорытындылай келе, осы айтылған факторларды ескере отырып барлығын төмендегідей 4 топқа бөлуге болады:

1. Парсы шығанағының геосаяси позициясы мен араб кіняздіктеріне Португалия, Франция және Осман империясы, Голландияның жаулап алу қызығушылықтарының артуы.
2. XV-XVI ғасырлардағы ұлы географиялық ашулардан кейін, жоғарыда атап өткен елдерді, XIX ғасырда әлдеқайда күшті капиталистік Англия ауыстырып, Оман, Маскат және Аден базаларын құруы.
3. Британдық экспансияның шешуші кезеңі Парсы шығанағындағы белсенді империалистикалық бәсекелестікке тұспа-тұс келді. Онда Франция, Германия, Ресей және басқалар қосылды. Бұл Багдад теміржолының құрылысы мен Ираннан басымдылықпен мұнай алу үшін күресі бірден-бір дәлелі.
4. Британдық колониялық саясаттың аяқталуы Бахрейн, Кувейт және Катарға протектораттар орнатуымен сипатталады. Осының барлығы Парсы шығанағының «Ағылшын өзеніне» айналуына әкеліп соқтырды. Бұл өз кезегінде Ұлыбританияның әлемдік ұлы державалар бәсекелестігінен алға жылжуын білдірді десек болады.

Қазіргі күнде Парсы шығанағы мұнайлы бай шығанақ болып табылады. Әрине Ұлы державалардың қызығушылығына осы себепкер болды. Көпжылдық Ұлыбритания мен АҚШ арасындағы күрестен нәтижесінде, екіншісі біріншісінен әлдеқайда мықты болып шықты. Мемлекеттік департаменттен ауқымды түрде қолдау тапқан Америка колониялары өздерінің позицияларын Ирак, Кувейт, Қатарда орнықтыруға және Иранның мұнайлы байлығына көз тікті. Сонымен ағылшын-америкалық күрестің нәтижесінде, Таяу және Орта шығыста «ағылшын өзенінің» соңына нүкте қойылды. Ал Парсы шығанағы «Әлемдік мұнай империясы» құрамына кірді. Негізінен Парсы шығанағы саясаты қай тұстан болмасын, қай уақытта болмасын, шетелдік тарихи ғылыми жағынанда өте өзекті, көкейкесті мәселе болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Новая история стран Азии и Африки. XVI–XIX вв. Учебник для ВУЗов (Владос)/ [А.М. Родригес] под ред. А.М. Родригеса: в 3 ч. ООО «Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 2004. -511 с
2. Ахмедова, Лаура Шарабутдиновна. Политика Англии в зоне Персидского залива в последней трети XIX - начале XX вв. : 1870-1914 : автореферат дис. ... кандидата исторических наук : 07.00.03 / Дагестан. гос. ун-т. - Махачкала, 2004. - 22 с.
3. [Электронды ресурс]/Politike.ru./termin/anglo-bahreinskie-dogovory-i-soglashenia.html
1. 4. Павлович. М. Империализм и борьба за великие железнодорожные и морские пути будущего. Собр. соч. Т. II. С. 38-39.

ӘОЖ 398.3

КОРЕЙ ЫРЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сайлаубекова Мөлдір Бейсембекқызы

s1moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Абжаппарова

Қазіргі таңда әр халықтың сенетін ырым – тыйымдары бар. Ырым – ол еш білімге негізделмеген сенім. Бұрынғыда адамдар кез келген істі бастауда бір белгі болуын қалап,

ырымдарды қолданатын болса, қазір ол ырымдарға сенушілер аз. Ырымдар ата-бабамыздың өмірінде адамның күнделікті мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. Бұл, ең алдымен, ғылыми білімдердің болмауына байланысты. Әр түрлі құбылыстарды түсіндіруге тырысып, адамдар жиі тылсым дәлелдерге сүйенген болатын. Бірақ кейбір ырымдардың дұрыстығын да мүлде жоққа шығаруға болмайды, өйткені олардың көпшілігінің түсіндірмесі орынды келеді. Бұл көбінесе ауыл шаруашылығы және тұрмыстық белгілерге қатысты болады.

Корея қазіргі дамыған мемлекеттердің бірі болса да, даму тенденцияларымен қоса дәстүрлеріне өте қатты мән беріп, ырымдарын ұстанып келеді. Бірақ бұл тыйымдар өздерін дұрыс түсінуді қажет етеді. Егер олардың шығу тарихына назар салатын болсақ, ырымдар арқылы халықтардың психологиясын, идеяологиясы мен ұлттық құндылықтарында орын алатын маңыздылығын анықтауға болады. Осы мақсатпен корей ырымдарының шығу тарихы мен олардың маңыздылығына үңіліп, зерттеп көрейік:

빨간색으로이름을쓰면죽는다 – қызыл түспен атынды жазсаң, қайтыс боласың [1]. Қызыл түс әр түрлі халықтың мифологиясы мен мәдениетінде жаңа өмірдің, туу мен жаңарудың, сүйіспеншілік пен құмарлықтың оянуымен байланысты болды. Кейбір мифологияларда бұл түспен Күн мен барлық құдайларды, қару-жарақтар мен батыл жауынгерді бейнелейді. Қытайда қызыл түс бақыт пен сәттілік әкеледі деп саналса, корей халқында бұл түспен адам атын жазуға болмайды. Бұл түс тікелей қанмен байланыстырылғандықтан, қызыл түспен жазылған аттың иесі қайтыс болады деп сенеді. Сол себепті, корей халқы қызыл түспен ешқашан адамның атын жазбайды.

숙자 4는죽음을의미한다- 4 саны өлімді білдіреді[2]. Корей халқы ұзақ уақыт бойы қытай жазба тілін өз жазуында қолданып келді. Қытай мен корей тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты, әр түрлі қытай иероглифтерінің корейше оқылуы бірдей болуы мүмкін. Осыған байланысты, қытай тіліндегі 4 [四] санының иероглифы мен өлім [死] сөзінің иероглифтарының дыбысталуы ұқсас келеді, екеуі де корей тілінде 사 [sa] деп оқылады. Сол себепті, бұл ырымның шығу тарихы корей тіліндегі омонимдерге байланысты деп айтуға болады. Корей халқының ырымшылдығы соншалықты, олардың үйлерінде төртінші нөмерлі бөлме, төртінші нөмірлі қабат кездеспейді. Көп қабатты үйлердің, ауруханалардың лифттарында 4-ші қабат F әрпімен алмастырылады немесе мүлде кездеспейді. Бұл 4 санынан қорқу тетрофобия деп аталады.

밤에휘파람을불면뱀이온다– түнде ысқырсаң, жылан шығады [1]. Бұл ырыммен түнде немесе кеште ысқыруға тыйым салып тұр. Ал бізге бұған қатысты «Ысқырсаң – ақша болмайды» деген ырым таныс. Бірақ бұл жердегі мәселе «не болатынында» емес, «не үшін» деген сұрақта. Түнде ысқыратын болса, бұл кезде адамдардың көпшілік бөлігі ұйқыда болады. Сондықтан, бұл ырымның түп негізіне үңілсек, түнде басқа адамдардың мазасын алмау, тыныштық сақтау үшін этикет болып табылады.

나비나나방을만지고눈만지면실명한다– көбелекті ұстап, қолыңды көзіңе тигізсең – соқыр боласың [3]. Көбелекке қатысты әр түрлі ырымдар бар. Мысалы, терезеден көбелек үйге кіретін болса, ақ некеге немесе отбасының ұлғаюына алып келетін жақсы жаңалықпен хабардар етеді дейді, ал кейбір ырымдарда көбелек жағымсыз болып есептеледі. Бұл жағдайда көбелекті өлген адамның жанына ұқсатып, оны үйге келген басқа әлемнің қонағы деп есептегендіктен, көбелекті еркіндікке жібереді. Ал жоғарыдағы ырымды тікелей түсінетін болсақ, көбелекті ұстауға болмайды деген сенім пайда болады. Бірақ бұл жерде неге көбелекті айтып тұрғанына назар аударуымыз керек. Өйткені олардың қанаттарында бактерия, таза емес заттар жиналуы мүмкін. Бұл тек көбелекке ғана қатысты емес. Көбелек бұл жерде тек ғана мысал болып тұр. Сондықтан, бұл ырымның негізгі мағынасы тазалыққа мән беруде.

중요한시험을보는날에는미역국을먹으면안된다– маңызды емтихан алдында миёккукты жеуге болмайды[3]. Миёккук – теңіз балдыры, туралған сиыр еті мен соя тұздығынан жасалатын корей дәстүрлі сорпасы. Миёккуктың құрамындағы теңіз балдырлары ағзаға пайдалы көптеген қоректік заттарға толы болғандықтан, миёккук жаңа

босанған анаға берілетін алғашқы тағам болған. «Шығыс медицинасының айнасы» деп аударылатын Чосон кезенінің ең әйгілі «Тоний Погам» (동의보감, 東醫寶鑑) медициналық мағлұматнамасы бойынша, теңіз балдырлары ащы және құрамында улы заттар жоқ болып келеді. Шын мәнінде, теңіз балдырлары - төменгі калориялы, витаминдер мен минералдарға қаныққан тағам. Корей халқының сенімі бойынша, бұл тағамды адам өз туған күнінде жесе, бір жыл ішінде оған сәттілік пен өркендеуге кепілдік береді. Ал оны емтихан алдында жеуге болмайды дегенге келсек, миёккук сырғақ болып келеді. Бұның түп мағынасы – сырғақ жерде адам тайып құлау қаупі бар. Осы оймен, корей халқында миёккукты жесең, емтиханнан құлайсың дегенге сенім қалыптасқан. Бұл ырымның бір қызығы, туған күні миёккукты таңертең жейді, егер емтиханды туған күнінде тапсыратын болса, бұл сорпаны емтихан тапсырып болған соң ғана жеуге болады.

문지방을 밟으면 복이 달아난다 – табалдырықты бассан, бақыт кашады [1]. Бұл ырым бұрынғы жерлеу рәсімдерінен пайда болған. Адам қайтыс болғанда, оның денесін үйден табалдырық арқылы шығаратын-ды. Корей ата-бабалары табалдырықты арғы өмір мен осы өмірдің шекарасы деп есептеген. Табалдырықта тұрған, қайтыс болған адамдардың жаны үйге кіріп кетеді деп сенеді. Ал үй тек тірі адамдарға арналған мекен болғандықтан, табалдырықты басуға болмайды деген ырым пайда болған.

다리를 떨면 복이 달아난다 – аяғынды селкілдетсең, бақыт кетеді [3]. Көп адамдар шыдамсыздық, кобалжу және тағы басқа әр түрлі себептермен отырған кезде аяқтарын қимылдатып отырады. Корейліктердің ойынша, бұлай істегенде адам өз байлығын шашады. Ал ырымның шығу тегіне назар аударсақ, бұл да әдепке байланысты. Егер адам аяғын селкілдетіп отыратын болса, бұл ерсі көрінеді. Осы ырыммен адамға үстел басында отырудың ережелерін, адамның өзін дұрыс ұстап, этикетке сай жүру ережелерін жеткізуге тырысқан. Сонымен қатар, адам аяғын қимылдатып отырса, бұл оның бір нәрсеге толыққанды назар салып, көңіл аудара алмайтындығын көрсетеді. Бір уақытта белгілі бір жұмысты істеп, терең ойлану қиынға соққандықтан, бұл физикалық және ақыл-ой белсенділігіне кедергі келтіретін жаман әдетке айналады. Ал өз ісіне толығымен беріліп, жұмысын бар ынтасымен жасамайтын адам не байлыққа, не атақ-абыройға жетпейді деген пікір де бар.

아침에 먹는 사과는 금 (金), 저녁에 먹는 사과는 ‘독(毒)사과’다 – таңертең желінген алма – алтын, түнде желінген алма – улы [3]. Бұл ырымды қалай сараптауға болады? Неге таңертең желінген алма – алтын, түнде желінген алма улы деседі? Сонымен қатар, батыстағы “An apple a day keeps a doctor away” (Күніне желінген бір алма дәрігерден алшақ қылады) деген мақалға қарағанда, корей ырымы алманы күннің кез келген уақытында емес, белгілі бір кезде жеу керек екендігі көрсетеді. Ырымды тікелей түсінетін болсақ, түнде алма улы болады деп сеніп, мүлдем жемес едік. Ал корей, қытай халықтарының неге осылай айтатынына зер салсақ, олар адам денсаулығының қыр-сырын біледі, денсаулыққа қатты мән береді. Бұл елдерге медицина қарқынды дамыған. Сол себепті, бұл ырымның мағынасы қарапайым жолмен түсіндіріледі. Алма – фруктозаның қайнар көзі. Ол біздің ағзамызға энергия бөлетін көмірсулар болып табылады. Түнде, адам ұйқыға жатқанда, адамның ағзасында артық энергия болатын болса, ол майға сақталады. Адам денесінде көп майдың болуы семіздікке және одан туатын басқа да ауруларға алып келетіндіктен, оның жолын алу үшін корей халқы алманы түнде жеуге тыйым салады. Ал неліктен бұл жемісті таңертең жеу керектігіне қарасақ, бұның да нақты себебі бар. Алма – көптеген пайдалы элементтерге бай. Таңертең желінген алма аскорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіріп, құрамындағы қант пен қышқылдар энергияның көзі болғандықтан, таңертең оянууды тездетіп, күні бойы ағзаны қажет қуатпен қамтамасыз етеді.

덕수궁 돌담길을 걸으면 이별 또는 이혼을 한다 – Токсугуң тас қабырғасының саяжолында сүйіктіңмен жүрсен – айырылысып қаласыңдар [2]. Токсугуң - Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында орналасқан қабырғалы сарай кешені. Бұл Чосон әулетінің корольдік отбасы мүшелерінің резиденциясы болып табылған еді. Токсугуң сарайы бастапқыда Ван

Сонджонның ағасы ханзада Волсанның резиденциясы болған. Кейіннен резиденция басқа үлкен сарайлар жапондықтармен өртеліп жатқан Имджин соғысы кезінде король сарайына айналған [4, 27 бет]. Бұл ырымның тарихи тамыры бар. Бұрында отбасылардың мәселелерін шешетін сот Токсугун саяжолының соңында болатын. Ажырасу үшін ерлі - зайыптыларға осы саяжолмен өту керек еді. Бұл сот қазір басқа жақта орналасқанымен, осы жолмен ерлі-зайыптылар жүретін болса, ажырасады деген түсінік қалып қойған.

Кетсон톱을마닥에두지마십시오–кесілген тырнақты еденде қалдыруға болмайды [3]. Корей халқы түнде тырнақты қиюға, әсіресе оны далаға тастауға тыйым салады. Осы уақытта тылсым күштердің белсенділігі артып, көптеген сиқыршылар ритуалдарын орындайды деп есептейді. Корейліктер өз қарсыласының тырнағын тапқан адам оны сиқыршыға апарып, солқарсыласын дуалап тастауы мүмкін дегенге сенгендіктен, осы ырымды ұстануға тырысады. Логикалық жағынан қарасақ, корей халқы сонау заманнан бері еденде отырып, еденде тамақ ішетін болған. Кесілген тырнақ еденде қалатын болса, оның тамаққа түсіп кету немесе жатқан адамның денесіне батып кету мүмкіндігі бар. Сол себепті, бұл ырым гигиенанаға да зор мән береді.

Бұл тыйымдарда келтірілген мысалдарды көбі ақиқатқа балап, сөздерін тікелей түсініп, сол мысалды орындамауға тырысады. Ал шындығында олардың шығу тегіне, не үшін солай айтылғандығына мән беруіміз керек. Жоғарыда келтірілген ырымдардың шығу тарихына үңілсек, корей халқы тазалыққа, гигиена мен әдепке, сенімдеріне басты назар аударатынын көреміз. Осы наным, ырым мен дәстүрге деген құрмет халықсанасында жақсы сақталғандықтан, корей халқы ұлттық құндылықтарын басты орынға қояды.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. 한국에 만존재하는 10가지 미신//<http://m.post.naver.com/viewer/postView.nhn?volumeNo=13527270&memberNo=15460571> (қ.ж.у. 08.03.2018).
2. 한국에 만있는미신 10가지//<http://parkreview.tistory.com/179> (қ.ж.у. 20.01.2017).
3. 미신//<https://namu.wiki/w/%EC%95%B0%ED%8D%BC%EC%83%8C%EB%93%9C?from=%26#48120;신>(қ.ж.у. 07.02.2018).
4. 안창모/ 덕수궁: 시대의운명을안고제국의중심에서다/ 동녘출판사, 2009 – 267с.

ОӘЖ 394.21

ОМАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сәрсенғалиева Амангүл Сәрсенғалиқызы

amangul.sarsengalieva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 2 Курс студенті,

Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - З.С.Ильясова

Оман Сұлтандығы (араб. عمان –) Оңтүстік-Батыс Азиядағы Арабия түбегінің оңтүстік-шығысында орналасқан. Батысында Сауд Арабиясымен, солтүстігінде Біріккен Араб Әмірлігімен және оңтүстік батысында Йеменмен шектесіп жатыр, Араб теңізі және Оман шығанағының суымен шайылады. Елдің солтүстік бөлігі таулы болып келеді, ал ең биік нүктесі - Джебель Шамс - 3 333 м. Оманның жалпы ауданы 212 мың шақырымды құрайды [1]. Дәстүрлі өмір салтын ұстанатын Оман Сұлтандығы бұрынғы кезеңде Арабияның ең жабық бөлігі болған. XX ғасырдың ортасында басқа араб елдері заманауи жолға шығып дамыса, ал Оман өз алдында ерекше дамыған еді. Оман тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңел